ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

**2023.10 (4)**
қазан-желтоқсан

**ISSN 2710-3994**

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институтыдиректорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнологияинститутының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтыныңдиректоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтhиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (MississippiValley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фарабиатындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай жәнеОрталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Іслəмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Әшірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениетғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәліккызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астанақаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих жәнеэтнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері.(Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz

© Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Алимбай Нурсан —** кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории иэтнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович —** доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович —** доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia) —** доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) —** PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander) —** доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно- Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна —** доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна —** доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович —** доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович —** доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür AraştırmaMerkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич —** археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийскогонационального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожахметович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

## ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна —** кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

## НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Козыбаева Махаббат Маликовна —** PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Капаева Айжан Токановна —** доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института историии этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы —** научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

## ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Копеева Сания Жуматаевна —** сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023
© Group of authors, 2023
© Коллектив авторов, 2023

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History andEthnology. (Kazakhstan)
**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK.(Kazakhstan)
**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)
**Golden Kathie Stromile —** PhD, Mississippi Valley State University. (USA)
**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)
**Karibayev Bereket Bakhytzhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic ofKazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)
**Kozhirova Svetlana Bassievna** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chineseand Asian Studies. (Kazakhstan)
**Diener Alexander —** Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)
**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)
**Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford. (UK)
**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for IslamicHistory, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)
**Samashev Zainolla Samashevich —** archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of GermanArchaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)
**Sydykov Erlan Battashevich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of theRepublic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of Historyand Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)
**Kapaeva Aizhan Tokanovna**— Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of Historyand Ethnology. (Kazakhstan)
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan. Edu.e-history.kz
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 10. Is. 4, pp. 744–757, 2023
Journal homepage: https://edu.e-history.kz

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_744-757

# "THE UNRELIAABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY

*Zhankadamova Gulmira Akikatovna*[1], *Ospanova Rysgul Ramazanovna*[2], *Kariyeva Toty Amangeldyevna*[3]

[1]Shakarim University
(20A, Glinka Str., 071409 Semey, Republic of Kazakhstan)
Researcher of the Department of Scientific Activity Management
https://orcid.org/0000-0003-3915-2303. E-mail: ayaguz@mail.ru

[2]Abay Kazakh National Pedagogical University
(13, Dostyk Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Associate professor, candidate of historical sciences of the department of «History of Kazakhstan»
https://orcid.org/0000-0002-6173-2286. E-mail: ablai_angel@mail.ru

[3]Shakarim University
(20A, Glinka Str., 071409 Semey, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer of the Department of History and Law
https://orcid.org/0000-0003-1814-4208. E-mail: karieva77@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023
© Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A., 2023

**Abstract.** *Introduction.* The history of deportation is gaining increasing importance in historical research. It is worth noting the significance of studying this issue at the regional level through the examination of the interactions between the deported population and the local population. *Goals*. The main goal is to reconstruct historical reality by comparing data with scientific research, archival documents, and the memories of representatives of the German ethnic group who were deported to Kazakh territory, as well as witnesses of the events and their descendants. *Results.* As part of their scientific inquiry, the authors participated in scientific expeditions to the regions of Eastern Kazakhstan in order to meet with descendants of the deported peoples and uncover specific historical facts. Particularly, meetings took place with descendants of German nationality in the Borodulikha, Urzhar, Aksuat and Beskaragai districts of the Abai region. Comparative analysis allowed identifying issues related to the resettlement, adaptation, and daily life of the deported individuals on Kazakh land in the aforementioned districts. *Conclusions.* The information obtained from the descendants is highly valuable since they heard firsthand accounts from their parents and relatives during the deportation process. Additionally, these materials provide an opportunity to form an understanding of the fate of the German people, assess the history not just from the perspective of numbers and official reports, but from the viewpoint of individuals who found themselves in difficult life situations.

**Keywords:** Ethnicity, deportation, deportation, repression, «unreliable» peoples, adaptation, field expedition, memories, oral history, Eastern Kazakhstan
**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework of grant funding of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Deportation processes on the territory of East Kazakhstan and their reflection in historical memory (1937–1956)". (Registration number AP 15473239).
**For citation:** Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A. "The unreliaable peoples" dispersed in Eastern Kazakhstan as a segment in the study of domestic history // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 744–757. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_744-757

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ

*Жанқадамова Гульмира Ақиқатқызы*[1], *Оспанова Рысгуль Рамазанқызы*[2], *Кариева Тоты Амангельдықызы*[3]

[1]Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинки көш., 071409 Семей, Қазақстан Республикасы)
ғылыми қызметті басқару бөлімінің ғылыми қызметкері
https://orcid.org/0000-0003-3915-2303. E-mail: ayaguz@mail.ru

[2]Абай атындағы ҚазҰПУ
(13-үй, Достық, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырлған профессоры
https://orcid.org/0000-0002-6173-2286. E-mail: ablai_angel@mail.ru

[3]Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинки көш., 071409 Семей, Қазақстан Республикасы)
тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
https://orcid.org/0000-0003-1814-4208. E-mail: karieva77@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023
© Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А., 2023

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Депортация тарихы қазіргі уақытта тарих ғылымында маңызды бола түсуде. Депортацияланған халықтың жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасын зерделеу арқылы бұл мәселені өңірлік деңгейде зерттеудің маңыздылығын атап өткен жөн. Қазақ жеріне қоныс аударған неміс ұлты өкілдерінің, оқиға куәгерлерінің, оның ұрпақтарының естеліктері және ғылыми зерттеулер мен деректерін салыстыра отырып тарихи шындықты қалпына келтіру негізгі *мақсат* болып табылады. *Нәтижелер.* Ғылыми зерттеу аясында авторлар депортацияланған халықтардың ұрпақтарымен кездесу және нақты тарихи фактілерді анықтау мақсатында Шығыс Қазақстан аудандарына және ауылдық округтеріне далалық экспедициялар жүргізді. Атап айтқанда, Абай облысының Бородулиха, Үржар, Ақсуат, Бесқарағай, Көкпекті, Аякөз аудандарында тұратын неміс ұлтының ұрпақтарымен кездесу өтті. «Сенімсіз халықтар» деп аталатын әлеуметтік топтың арнайы қоныстанушылардың күнделікті өмірі, олардың елді мекен аумағына бейімделу мәселелері, архив құжаттары, далалық экспедиция материалдар негізінде зерделенді. *Қорытынды.* «Сенімсіз күнделікті өмірі, олардың елдімекен аумағына бейімделу мәселелері, жергілікті халықпен біте

қайнасуы архив, ғылыми зерттеулер және ауызша деректер негізінде қарастырылды.
**Түйін сөздер**: Этнос, депортация, жер аудару, репрессия, «сенімсіз халықтар», бейімделу, далалық экспедиция, естеліктер, ауызша тарих, Шығыс Қазақстан
**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шығыс Қазақстан территориясындағы депортация үдерісі және оның тарихи жадтағы көрінісі (1937–1956 жж.)» гранттық қаржыландыру жобасының аясында дайындалды. (Жеке тіркеу нөмірі: АР 15473239).
**Дәйексөз үшін:** Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А. Шығыс Қазақстанға қоныстанған «сенімсіз халықтар» отан тарихын зерттеу сегменті ретінде // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. 744–757 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_744-757

# РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

*Жанкадамова Гульмира Акикатовна*[1], *Оспанова Рысгуль Рамазановна*[2], *Кариева Тоты Амангельдыевна*[3]

[1]Университет имени Шакарима
(д. 20А, ул. Глинки, 071409 Семей, Республика Казахстан)
научный сотрудник отдела по управлению научной деятельности
https://orcid.org/0000-0003-3915-2303. E-mail: ayaguz@mail.ru

[2]КазНПУ им. Абая
(д. 13, просп. Достык, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
кандидат исторических наук, доцент кафедры "Истории Казахстана"
https://orcid.org/0000-0002-6173-2286. E-mail: ablai_angel@mail.ru

[3]Университет имени Шакарима
(д. 20А, ул. Глинки, 071409 Семей, Республика Казахстан)
кандидат исторических наук, старший преподаватель
https://orcid.org/0000-0003-1814-4208. E-mail: karieva77@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А., 2023

**Аннотация.** *Введение.* История депортации в ностоящее время приобретает все большее значение в исторической науке. Следует отметить важность изучения данного вопроса на региональном уровне путем изучения взаимоотношений депортированного населения с местным населением. *Цель исследования.* Основной целью является восстановление исторической реальности в сопоставлении данных с научными исследованиями, архивными документами и воспоминаниями представителей немецкого этноса, депортированных на казахскую землю, свидетелей происшествия и их потомков. *Результаты.* В рамках научного изыскания авторы выезжали в составе научных экспедиций в районы Восточного Казахстана с целью встречи с потомками депортированных народов и выявлению конкретных исторических фактов. В частности, в Бородулихинском, Уржарском, Аксуатском, Бескарагайском районах области Абай состоялись встречи с потомками немецкой национальности. Сравнительный анализ позволил определить проблемы, связанные с переселением, обустройством и бытом депортированных в вышеназванных районах. *Выводы.* На основе архивных данных, научных исследований и устных

источников рассмотрена повседневная жизнь спецпоселенцев, считающихся «неблагонадежными народами», их адаптация в местах поселения, взаимодействие с местным населением.
**Ключевые слова:** Этнос, депортация, изгнание, репрессии, «неблагонадежные» народы, адаптация, полевая экспедиция, воспоминания, устная история, Восточный Казахстан
**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Депортационные процессы на территории Восточного Казахстана и их отражение в исторической памяти (1937–1956 гг.)». (Регистрационный номер: АР 15473239).
**Для цитирования:** Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А. Расселенные в Восточном Казахстане «неблагонадежные народы» как сегмент в изучении отечественной истории // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 4. С. 744–757. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_744-757

**Кіріспе**

Елімізде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы Жарлығымен барлық санаттағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мақсатында және қазақ тарихының ақтаңдақтарын айқындауда арнайы мемлекеттік комиссия құрылып жұмыс жүргізілуде. Бұл мәселенің түйінін шешуге қоғамдық ғылымдар өкілдері, тарихшылар мен ғалымдар республикалық, өңірлік деңгейде тұрақты зерттеп, зерделеу жұмысы жүргізілуде. Комиссия тоғыз бағытта жұмыс жасауда, соның бірі Қазақстанға жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударылғандар болып табылады.

Депортация мәселесі тек өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан бастап ғана ғылыми зерттеу обьектісіне айналуда. Кеңес өкіметі көп ұлттың бірлігі жарасқан мемлекет ретінде танылуы тиіс болатын. Бірақ мемлекетте ұлт мәселесі шиеленісті жағдайда еді. Тағы бір негіз архив қойнауында сақталған құжаттардың арнайы құпия (гриф) мөрі болуы да зерттеу жүргізуге қол байлау жасағандығы болып отыр. Мемлекеттік деңгейде жұмыс жасап жатқан комиссия жұмысының бір бағыты Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтар мен арнайы қоныстанушыларды толық заңдық және саяси түрде ақтауда архив қорларында сақталған жабық істерді құпиясыздандыру.

Тұтас халықтардың Қазақстан аумағына күштеп қоныстану мәселесін, олардың арнайы қоныстандыру жағдайындағы өмірін жан-жақты зерттеу қазіргі кезеңдегі тарих ғылымындағы әдіснамалық құралдардың жаңаруымен, жаңа архивтік, нарративті және ауызша дереккөздердермен, сондай-ақ отан тарихын зерттеу мен оқыту призмасы арқылы республика халқының қоғамдық санасын жаңғырту үрдістерімен алдын ала айқындалған.

Ақпаратты есте сақтау зерттеудің жаңа теориялық және әдіснамалық тәсілдерінің ауызша тарих айту технологияларымен байланысты. Қазіргі кезеңде, ең алдымен, күнделікті өмірді, оның этномәдени және әлеуметтік-эмоционалды аспектілерін тарихи зерттеулердегі әдістерін дамытудың негізінде ақпаратты қарастыруға мүмкіндік туды.

Халықты күштеп көшіру – еліміздің өткен тарихының қаралы беттерінің бірі. Кеңестік өкіметтің жаппай саяси қуғын-сүргін кезіндегі жазалау шаралары тек жекеленген санаттарға ғана емес, сонымен бірге жекелеген халық өкілдеріне қарсы қолданылды. Тоталитарлық жүйеге негізделген жекелеген халықтарды күштеп жер аудару әдісін қолданды. Күштеп жер аударылған халықтардың жағдайы өте ауыр болды. Қолында бір ғана сөмкесі бар адам бөтен елге, жерге келгеннен кейінгі жағдайы тым мүшкіл болатын. Қазақ жеріне депортацияланған халық өкіліне билік «сенімсіз адам» деп қарады. Сталиндік жазалау машинасы миллиондаған адамның тағдырына балта шауып, жүздеген мың отбасының шаңырағын шайқалтып, ондаған халықты жойған қасіретті де қайғылы кезең. Күшпен және заңсыз басып алған билікті ұстап тұру және жазалау және репрессиялық әрекеттерімен халыққа қарсы жоспарларын еркін жүзеге асыру үшін большевиктік-сталиндік режим барлық наразылық күштерін, барлық қарсыластарын аяусыз

басып отырды. Диктатураға бағынбағандар атылып, «халық жауы», «сенімсіз халықтар» ретінде жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, елдің алыс аймағына дейін жер аударылды. Бұл жөнінде 1993 жылы 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңында көрсетілді. Жекелеген халықтарға мемлекет тарапынан әртүрлі қысымдар қолданылды: күштеп қоныс аудару; арнайы қоныстарға орналастыру; күштеп жұмыс істету арқылы құқықтарын шектеу; ұлттық ерекшеліктері жағынан мемлекетке өте қауіпті, сенімсіз халықтар деп тану.

**Материалдар мен әдістер**

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА), Абай облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (ҚЗТҚО), Шығыс-Қазақстан облысының Мемлекеттік Архиві (ШҚОМА) құжаттары айналымға енгізілді.

Зерттеу обьектісі болып табылатын «Сенімсіз халықтар қоныстанған аудандар» мәселесінің тарихнамалық негізін қазақ жеріне қоныстанған немістерге арналған «Из истории немцев Казахстана (1921–1975 жж.)» (Из истории немцев, 2000) деп аталатын құжаттар жинағы құрайды. Жинақта Қазақстанға депортация жасалған халықтар және немістердің өмірі, Қазақстан Компартиясы органдарының қызметі туралы құжаттар топтастырылған. Жинақтың ерекшелігі – 1921 жылдан 1975 жылға дейінгі аралықтағы деректерді қамтитындығында. Бұл КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1955 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығына байланысты, немістердің автономияға қайта оралуға құқығы жоқ. Бұл жинақтың құжаттарынан Қазақстанда немістерді қабылдау және орналастыру мәселесі туралы мол мағлұмат алуға болады.

Мақалада «жад» тұжырымдамасының объективі арқылы депортацияның антропологиялық және этномәдени мазмұнын зерттеу мәселесі қойылған. Сондықтан жүргізіліп жатқан зерттеудің теориялық және әдіснамалық тәсілі «есте сақтау» тұжырымдамасы болып табылады, ал дереккөздер сәйкесінше далалық экспедиция материалдарымен ұсынылған ауызша тарих материалдары екені хақ.

Мақаланы жазу кезінде авторлар жалпы ғылыми және арнайы әдістерді де пайдаланды. Олардың біріншісіне мыналар жатады: жүйелік әдіс, ситуациялық талдау әдісі, т.б. Бұл әдістер мемлекеттің немістерге қатысты депортация және оңалту саясатының тарихын жан-жақты зерттеуге, оның жалпы және аймақтық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Әдістердің екінші тобына тарихи салыстырмалы әдістер жатады. Осы әдістерге сүйене отырып бұрыннан белгілі фактілерге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізін тарихшылдық, объективтілік және автор алға қойған міндеттерді жан-жақты зерттеу принциптері құрайды. Оларды пайдалану зерттелген тарихи деректің мәніне тереңірек үңілуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық негізі далалық экспедиция барысында аудандарда шоғырланған немістерден жинақталған естеліктер болды. Дегенмен, сенімсіз халықтар қоныстанған арнайы аудандарды зерттеу ақтаңдақтар ақиқатын тануда өзекті болмақ.

Далалық экспедицияның материалдарының дерек ретіндегі ерекшелігі – оларда ресми құжаттарда кездеспейтін фактілер ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен бірге оның құндылығы тарихи дәйектерге негізделе отырып нақтыланды. Халық жадында сақталып қалған естеліктер тарихи жағдайды тереңірек түсінуге ықпал етті. Өткеннің объективті бейнесін қалпына келтіруге негіз болды.

**Талқылау**

Қазіргі кезеңде бүкіл халықтарды күштеп көшіру мәселесі тарих ғылымында өзекті болып қала береді. 1990 жылдардан бастап отандық тарихнамада монографиялар, құжаттар жинақтары, осы мәселе бойынша ғылыми мақалалар жариялануда. Қазақстан аумағындағы депортация тарихының әртүрлі аспектілері М.К. Қозыбаевтың (Қозыбаев, 1998), Қ.С. Алдажұмановтың

(Алдажуманов, 1997) еңбектерінде қарастырылған.

«Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» жинағының авторлары көптеген деректерге сүйене отырып, Қазақстан аумағына жер аударылған халықтарды қоныстандыру және орналастыру процестерін айқындайды (Депортированные в Казахстан, 1998). Неміс этносының депортациялануы, оның қоныс аударуы және Шығыс Қазақстан аумағына қоныстану мәселесін Л.А. Бургарт зерттеу обьектісіне айналдырған (Бургарт, 1997). М.Ч. Қалыбекованың монографиясында қазақ жеріне халықтарды депортациялау тарихы қарастырылады (Қалыбекова, 2019).

Алейда Ассман оқиға «куәгерлерінің ұрпақ» алмасуы есте сақтаудың басқа түрлерін «тірі жады-тәжірибе» жеке естеліктер мен ұжымдық жадының қарым-қатынасы негізінде қарастырады (Ассман, 2014).

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның Шығыс өңіріне және Семей облыстарына неміс ұлт өкілдерінің қоныстануы, оларды орналастыру тарихы туралы мағлұмат беретін зерттеу жұмысы (Жақыпова, Смағұлова, 2020) архив құжаттары негізінде талданса, А.М. Мамырбеков «Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихы» (Мамырбеков, 2015) зерттеуінде Семей облысының аудандарындағы неміс ұлт өкілдерінің қоныстануы және олардың тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер зерделенген. Кеңес Одағынан шекті аймақтарда орналасқан неміс ұлтын көшіру және оның салдары (Блинова және т.б., 2021), жер аударылғандардың бейімдеу мәселелері негізгі фактілермен талданады (Блинова, Чернова, 2009).

З.Ғ. Сақтаганова (Сактаганова, 2019), А.С. Жанбосинова (Жанбосинова, 2020), Б.Ж. Атантаева және т.б. (Atantayeva және т.б., 2022) арнайы қоныстанушылардың күнделікті өмірі, олардың елді мекен аумағына бейімделу мәселелері, депортация процесі кезіндегі әйелдердің тағдыры ауызша деректер негізінде талданған. Демек, бұл еңбектерде осы халықтардың республикамызға қоныс аударуына қатысты материалдардың барлығы қамтылған. Құжаттар неміс ұлт өкілдерін күштеп қоныс аудару және саяси қуғын-сүргін туралы мәліметтерді қамтиды. Бірақ жер аударылған халықтарды қоныстандыру және орналастыру жұмыстары жергілікті жерде, яғни республика аймақтарында жүргізілді. Сондықтан бұл мәселенінің мазмұнын ашу үшін жергілікті архив құжаттарының маңызы ерекше. Бірақ Қазақстанның жергілікті архивтарында өзге ұлт өкілдерінің күштеп қоныстандыру мәселесіне қатысты құжаттар жинағын шығару зерттеуде сұранысқа ие екендігін айқындап беріп отыр. Мәселен, республиканың шығыс өңірінің архивтарында бұл мәселе өте енжар. Әсіресе, неміс, поляк, ингуш, шешен сияқты ұлт өкілдерінің Абай облысының аудандарында мәжбүрлі жер аудару туралы құжаттардың жинағы жариялануы тиіс. Аталған аймақтың аудандарына байланысты көптеген құжаттар әлі ғылыми айналымға енген жоқ. Бұл осы аймаққа халықтардың депортациялануының толық бейнесін жасауға кедергі келтіреді.

Зерттеу тақырыбындағы ғылыми әдебиеттерге шолу аймақтық аспект контекстіндегі халықтарды депортациялау, архивтік дерек мен ауызша тарих материалдары негізінде тарихи жадыны зерттеу мәселесі қазіргі кезеңде де өзекті екенін көрсетеді.

**Нәтижелер**

Депортацияны заңнамалық рәсімдеудің соңғы нүктесі ретінде 1941 жылы 28 тамызда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының «Еділдің Неміс автономиялық облысын жою туралы» Жарлығы шығарылды, «Еділ бойындағы немістерді Қазақстанға орналастыру туралы» және «немістерді Грузиядан, Әзірбайжаннан және Армян КСР-ден көшіру туралы» қаулылар қабылданды. «Еділ бойында тұратын немістерді көшіру туралы» жарлықта: «Еділ бойында тұратын немістердің арасында Германияның он мыңдаған тыңшысы мен жансызы бар екендігі және олар Германиядан кез-келген уақытта хабар алған жағдайда елде жарылыстар ұйымдастыруды көздейді», яғни Кеңес Одағына қарсы әрекет жасайды деп көрсетілген. Осы мәселе көтерілгеннен кейін Еділ бойындағы немістерді бірден мәжбүрлі қоныстандыру процесі жүргізіледі. Кейінірек немістердің

өздері сол күнді «қара бейсенбі» атайды. Сондықтан қауіпті әрекеттерді болдырмау үшін Кеңес басшылығы «Сенімсіз халықтар» деп немістерді Красноярск өлкесіне, Алтай өлкесіне, Омбы облысына және Қазақ КСР-не көшіру туралы шешім қабылдайды (Блинова және т.б., 2021: 97). Қаулыға сәйкес Қазақстан облыстарында күштеп қоныс аударушыларды қабылдау үшін облыстық штабтар құрылды (Из истории немцев, 2000; 97–98). Негізінде неміс ұлт өкілдерінен 1939 жылғы халық санағы бойынша КСРО территориясын 1 427 222 адам мекендеген екен. Қазақстанға 100 000 неміс ұлт өкілдері көшірілуге тиісті болды. Бірақ Қазақстанға 125 000 немістер мәжбүрлі қоныс аударған болып отыр. Семей облысына – 18 000, Шығыс Қазақстанға 17 000 немістер орналастырылды (Бугай, 1989: 159–160).

Неміс ұлт өкілдерінің барлығы дерлік депортацияға ұшырады, офицерлері мен сарбаздары майданнан шығарылды. Немістер зорлық-зомбылықпен қоныс аударғандардың ішіндегі ең үлкен ұлттық топ болды. Барлығы 1941–1942 жылдар аралығында 1 084 828 неміс қоныс аударды (Бугай, 1989: 137). Басқа дереккөздер бойынша, соғыс кезінде Қазақстанға 420 мыңнан астам неміс халқы жер аударылды (История российских немцев, 1993: 118).

1941 жылдың тамызында Қазақстанға 349 713 неміс жер аударылып, жергілікті немістермен қосқанда олардың жалпы саны 441 713-ке жетті. Еділ бойындағыларға қоса Украина, Солтүстік Кавказ және басқа аймақтардан немістер көшірілді. Қазақ жеріне күштеп жер аударылған тек неміс ұлты ғана емес, сонымен бірге 1944 жылдың бірінші тоқсанындағы мәлімет бойынша депортацияланған шешендер мен ингуштар, ізінше балкарлар, ал жыл аяғында месхет түріктері Орта Азия мен Қазақстанға әкелінді (Қозыбаев, 1998: 221).

Қазақстанға немістердің кезекті қоныс аударуы 1941 жылдың күз айлары болатын. Ресейдің Еділ бойы неміс автономиялық республикасынан Қазақстанның аймақтарына 438 280 неміс жер аударылды. Қазақстанның Шығыс территориясына 1941 жылы 35000 неміс қоныстандырылды. Оның 18000 адамын Семей облысына. Шамамен алғанда Қазақстанның әртүрлі аймақтарына 350–400 мыңдай неміс жер аударылды (Бургарт, 1997: 50). Еділ немістерінің Автономиялық Социалистік Кеңес Республикасы Эрленбах және Добрин кантондарынан 1941 жылдың тек 14–27 қыркүйегі аралығында Семей және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағына депортацияланған немістер эшелондармен келе бастады. Жер аударылғандардың отбасылары келесі станцияларға түсірілді: Шемонаиха – 3 881 адам, Жаңғызтөбе – 8 467, Шар – 2052, Белағаш – 2197, Аягөз – 2205, Предгорное – 2682, Защита – 2350, Семей – 9 075, содан кейін олар облыстардың келесі аудандары бойынша бөлінді: Көкпекті, Шар, Белағаш, Новошульба, Шемонаиха, Глубокое, Өскемен, Новопокровский (Депортация немцев Поволжья: URL).

Республикада арнайы қоныс аударушы-немістерді қабылдауға дайындық алдын-ала жүргізілді. Немістерді күштеп қоныстандыруы жоспарлы түрде болғандықтан оларды алдын-ала баспанамен қамтамасыз етіп, иеліктеріне жер және мөлшерлі түрде мал бөлініп берілуі тиіс еді. Бұл жағдайды жергілікті билік органдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары ұйымдастырып, қадағалауы қажет болатын. Сонымен бірге тиісті органдардың қадағалауымен неміс ұлтының жиналуына, өзара басқосуына, белгілі бір мәселелерді талқылауға тиым салынды. Демек, дайындықтың алдын-ала жүргізілуі қоныстанған неміс ұлтының жағдайын жасап берді деген сөз емес. Оған архив деректері мен далалық экспедиция материалдары (естеліктер) дәлел бола алады.

Қазақстанға қоныстануы тиіс эшелонға жетекшілік ететін бастық, оның орынбасары және колонна әскерлерінің жауынгерлері қоныс аударушыларға 20 күндік азық-түлікті өздерімен бірге алып шығуын ескертті. Жоспар бойынша күніне бір рет арнайы пункттерде тұрақты түрде тегін ыстық тамақ және күніне екі рет қайнаған су нұсқауларға сәйкес берілуі керек. Халық арасында эшелондармен бірге дәрігерлер мен медбикелер болуы керек еді. Бірақ дайындық жұмысының еш нәтиже бермегенін уақыт көрсетіп берді. Мәселен, 1941 жылдың 13 тамызында Алматы шойын жолы арқылы Семейге жолға шыққан № 725 эшелонының адамдары азық-түлікпен қамтамасыз етілмей қалғандығы жайлы құжат дәлел. Азық-түлік жетіспей олардың ашыққан кездері де аз

болмаған (Мамырбеков, 2015: 47).

Шығыс Қазақстан аумағына немістер КСРО-ның әртүрлі аймақтарынан, соның ішінде Еділ, Саратов, Сталинград облыстарынан және т.б. жер аударылды. Белгілі болғандай, оларды қоныстандыру теміржол вокзалдарынан бастау алады. Колхоздар мен совхоздардың және жұмысшыларға деген өндірістік қажеттіліктерін ескере отырып, ауылдарға неміс отбасыларын орналастыру және оларға тегін тұрғын үй беру мүмкіндігін ескере отырып жүргізілуі мемлекеттің саясаты екендігі хақ.

Эшелондар белгіленген пункттерге жеткенге дейін талай адам көз жұмып, талай нәресте дүниеге келді. Мысалы, 1941 жылдың 14 қыркүйегінде Шығыс Қазақстанға бет алған № 725 эшелоны Семейге тоқтайды. Астрахан облысынан Семейге келгенге дейін тиелген 2 039 адамның 18-і Семейге жетпей жан тапсырған. Олардың біреуі жолда тұтқындалады, үшеуі денсаулығына орай жолдағы медициналық тірек пункттерге қалдырылды, біреуі қаза болып, қалғандары жолда қашып кеткендер есебіне енгізілді. Ал Аягөз арқылы Абыралыға жеткізілген № 733 эшелонында 2 адам ауырып жолда түсірілген және 5 адам дүние салып, 5 нәресте дүниеге келген. № 734 эшелонымен Көкпектіге аттанған 2177 адамның жолда үшеуі қайтыс болып, жолшыбай үш бала дүниеге келген. Ал 4 неміс белгісіз себептермен жолда түсірілген. Тура осындай жағдайлар Шарға әкелінген немістер арасында да болды. Новошульбаға жеткізілуі тиіс 1 692 адамның біреуі денсаулығы жарамай жолда түсірілген, 3 адам жолдағы бекеттерде белгісіз себептермен қалып қойған. Осы эшелонда үш сәби дүниеге келген екен (Мамырбеков, 2015: 56).

Немістерді қабылдау және орналастыру жөніндегі нұсқаулықта қоныс аударушыларға жеке пайдалану үшін мал және тұрғын үй беру көзделген. Алайда, бұның бәрі құжаттарға сәйкес жүргізілмеді (Из истории немцев, 2000: 109). Берілген үйлерде жылу мен жарық болмады. Үйлерді көмірмен, ағаш отынмен қамтамасыз ету дұрыс қадағаланған жоқ. Үржар ауданына қоныстандырылғандардың тұрмыс жағдайы өте ауыр болды. Мәселен, Молотов колхозына қоныс аударылғандар отбасыларына тұруға жарамайтын тұрғын жайлар берілген. Бұндай жағдайлар барлық аудандарда кездескен. Мысалы, Аякөз және Үржар аудандарының инспекторларына сөгіс жарияланып, берілген мерзімде жағдай реттелмесе, мемлекеттік тапсырманы орындамағаны үшін инспекторлардың сотқа тартылатыны ескерілген (ҚЗТҚО. 807-қ. 1-т. 1-іс. 118-п.).

Архив қойнауындағы мәліметтерден белгілі болғандай, арнайы қоныстанушыларды қоныстандыру және шаруашылық саласына орналастыру процесінде бірқатар күрделі қиындықтар болды: бос тұрғын үйдің болмауы, азық-түлік ресурстарының шектеулі болуы, кеңес және партия органдарының, жергілікті халықтың бірқатар басшыларының арнайы қоныс аударушыларға дұрыс қарамауы, сондай-ақ олардың арасында әртүрлі эпидемиялық аурулардың таралуы, әсіресе сүзек және т.б. (ҚР ПА. 708-қ. 9-т. 316-іс. 1-п.). Мысалы, 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма ауданында 191 неміс қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурулардан – 116 адам, оның ішінде 45 ересек және 71 бала. Сол ауданда 1944 жылы шешен ұлтының 25 адамы қайтыс болды, оның 16-сы жұқпалы аурулардан, оның ішінде ересектер – 12, 4-і – балалар (ШҚОМА. 1п-қ. 1-т. 4996-іс. 37-п.).

Арнайы қоныстанушылар үшін баспана тапшылығы олардың саны жылдан жылға артып келе жатқандығымен түсіндірілді, әсіресе неміс және шешен ұлттарының адамдары және оларды қысқа мерзімде орналастыру оңай болған жоқ. Сонымен қатар, оларға арнайы ұсынымдар тарапынан немқұрайдылық байқалды. Мұның бәрі арнайы қоныстанушыларды колхоздарда, совхоздарда және өнеркәсіптік кәсіпорындарда өндіріске тез және толық араласып кетуін қиындатты. Олардың халық шаруашылығының бір саласынан екіншісіне өз еріктерімен қоныстануы мәжбүрлі қоныстанушылар арасында олардың бұрынғы тұрғылықты жеріне қайта оралуы көптеген ерекшеліктерді тудырды.

Неміс ұлтын қазақ жеріне қоныстандыру кезінде «антисоветтік жағдайдың жандануы, кеңестік биліктің саясатына қарсы шығу, неміс ұлтын бұрыннан қалыптасқан колхоздарға қоныстандыру», ауыр материалдық жағдай және Қазақстанның КП(б) барлық партиялық

ұйымдары: «олардың ішінде немістер қоныс аударушылары бар және қоныс аударушы немістер келетін колхоздардағы саяси жұмысқа ерекше назар аударуды және саяси жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етуді» міндеттеді (Из истории немцев, 2000: 103–104).

Әр жылдың соңында өзге ұлттардың тыныс-тіршілігі жайында жоғарғы жаққа анықтамалар жіберіліп отырды. Кейбір анықтамаларда немістер арасындағы қылмыстар туралы мәлімет берілген, бірақ анықтамадан байқайтынымыз, немістер ауыр қылмыстарға бармаған. Қылмыстың көбі әкімшілік құқық бұзушылықтар. Мысалы, неміс әйелі Молярвейннің толық емес жанұялар мен баласыз аналарды мемлекеттің салықтан босатқаны жайлы жалған ақпарат таратқан. Өзі екі жыл бойы салық төлемеген. Қылмыстық кодекс бойынша, Молярвейн алты айға қара жұмысқа кесілген (ШҚОМА. 1п-қ. 1-т. 4996-іс. 35-п.).

Қоныс аударған өзге ұлттармен бірге немістерде үлкен кедергілерге тап болды. Көшіп келген неміс ұлт өкілдерінің азаматтары бірден ортамен біте қайнасып, тонның ішкі бауындай болып кетті деп айту қиын. Әуелгі де олар жергілікті халықтың тілін білмегендіктен ым-ишарамен сөйлессе, кейіннен орыс тілін меңгере бастады. Тіл білмейтін ортаға түсіп, қарым-қатынас жасау әлде қайда ауыр еді. Олардың басым бөлігі жұмысқа орналаспады. Жұмысқа орналаспаудың себептері арнайы қоныс аударушылардың негізгі бөлігі жергілікті жердің климатына бейімделе алмай әртүрлі ауруларға шалдықса, ал кейбір бөлігі шаруашылыққа ыңғайлы жылы киім мен аяқ киімнің болмауына байланысты жұмысқа шықпады, тіпті азық-түлік туралы айтпағанда, карточкалар бойынша нан сатып алуға мүмкіндік пен қаражат болмады, бұл немістердің арасында әртүрлі жұқпалы аурулардың туындауына және оның соңы өлімге әкелгендігі жөнінде дерек тіркелген. Еңбекке жарамды ер адамдардың басым бөлігі ауыр жұмысқа еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. Кейін олардың отбасы мүшелері арасында аш-жалаңаш күй кешкендігі жөнінде де мәліметтер тіркелген.

Қоныстанған неміс ұлт өкілдерін жұмысқа тарту мәселесі Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1942 жылғы 10 қаңтардағы қаулысы бойынша жүзеге асырылды. 17 мен 50 жас аралығындағы қоныстанушы неміс ұлт өкілдері жұмысқа тартылуға міндеттелінді. Немістер қаншалықты білікті де білімді маман болса да «сенімсіз» ұлттың өкілі болғандықтан тек қара жұмыстарға ғана жегілді. Немістер темірдей қатаң тәртіпке бағынуға тиіс болған. Биліктің айтқанын екі айтпай орындады.

Қазақ ауылдарына келген немістерді ауыл тұрғындары жылы қарсы алды. Оған негіз, ауыл шаруашылығындағы жұмыс істейтін қазақ ер адамдары майданға алынып, әйелдер мен балалар ауылдағы барлық жұмыстарды істеп, ауыртпалық соларға түскен. Сонымен бірге қазақы менталитетке тән ерекшелік қонайжайлылық, кең пейілділік басында баспанасы жоқ немістерге қол ұшын беріп көмектесу арқылы олардың басына түскен қиыншылығын кішкене болса да сейілтті.

Аудандарға күштеп қоныс аударылған немістер білім беру, ауыл шаруашылық, сауда, денсаулық сақтау және тағы басқа салаларда жұмыс істеді. Семей облысының Шұбартау, Үржар, Көкпекті, Ақсуат, Ново-Шульба, Бородулиха, Абыралы, Абай, Жарма, Шар, Георгиевка, Аякөз аудандарында еңбекке жұмылдыру қарқынды жүргізілгенін зерттеулерде де көруге болады (Мамырбеков, 2015: 59).

Қазақ жеріне мәжбүрлі түрде қоныс аударылғандардың саны бірте-бірте артқанын мына тарихи дерек нақтылай түседі. 1944 жылдың 1 шілдесіне республика бойынша есепте 218328 адам (71151 отбасы) – арнайы қоныс аударған немістер болды. Ал 1945 жылғы 1 қаңтардағы соғыстың соңына қарай ҚазКСР-да арнайы қоныс аударушылардың болуы туралы НКВД мәліметіне сәйкес олардың есебінде 243 722 адам (79 017 отбасы) болды (Хасанаев, 1998: 31).

«Сенімсіз халықтар» қоныстанған арнайы аудандар Сібір жері, Орта Азия және қазақ жері болған. Орталық өкімет оларға «Сенімсіз халықтар» деп айдар тағып, жергілікті халыққа үрей тудырған. Жергілікті халық депортацияланған ұлт өкілдеріне көмек қолын созған жағдайда, өте қатігездік танытып, жергілікті халықпен қоныстандырылған халық арасында қарым-қатынастың

жақсарып кетпеуі үшін бүкіл елдің алдында атып тастаған. Оны көзбен көрген, осы әрекетке куә болған адамдар «Сенімсіз халыққа» аяушылықпен қарағаннан басқа амалдары болмаған. Бұған дәлел Үржар ауданы, Тәскескен ауылдық округінің тұрғыны Чарахметов Қанағат өзінің анасы туралы естелігінде былай дейді: «Менің анам Чарахметова Фрида Алексеевна 1934 жылы Днепропетровский облысы Алексеевский ауданы, Казаковка деген ауылда туған. Бүгінгі таңда ол кісі жасы 90-ға келіп отыр. Ол кісінің ұлты неміс болғандықтан 1941 жылы Қазақстанға депортацияланып келген екен. Аякөз ауданы Таңсық станциясына жер аударылып келеді, келген соң сол жерге түсіріліп далаға кәдімгідей егістік алқабына (поляға) тастап кеткен. Шешемнің тағдыры өте ауыр болды, 1937 жылы әкесін халық жауы ретінде атып тастайды, ол кісілер колхозда жай атқосшы болған, содан ол кісі колхозға келген комиссиямен бірге арбамен келе жатып биік өсіп тұрған жүгерілердің (кукурузалар) биіктігіне қарап, «Не деген керемет өсімдік! Ар жағына өтіп кетсең ешкім де көрмейді, тіпті Германияға да өтіп кетуге де болады екен» деп жай айта салған ғой. Сол күні түнде НКВД адамдары нағашы атамды алып кетіп, екі күннен кейін атып тастайды» (Далалық экспедиция материалдары. Информант Чарахметов Қ.).

Семей облысындағы еңбекке жұмылдыру жұмыстары НКВД-ның облыстық бөлімшесінің бастығы Плодоваға және облыстық әскери комиссар Мешкинаға жүктелді. Олар неміс поселкелері орналасқан Белағаш, Ново-Шульба, Бородулиха, Жаңа-Семей, Абыралы, Абай, Көкпекті, Аксуат, Жарма, Шар, Георгиевка, Аякөз, Шұбартау, Үржар аудандарында қара жұмысқа алу пункттерін ұйымдастырды. Еңбек отрядтарын түсіретін соңғы пункттерге дейін анықталды (Мамырбеков, 2015: 52).

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Абай облысының аудандарына далалық экспедиция жасалғаны туралы жоғарыда айтылған болатын. Бородулиха ауданының, Новопокровка ауылдық округінің тұрғыны Горшкова-Айдарова Алтынжан Төлеуғазқызы өз естелігінде «1941 жылы соғыс басталғанда барлық немістер Еділ бойынан күштеп жер аударылды, кеңестік билік немістер жау жағында соғысады деп қауіптенді. Сондықтан Кеңес Одағы немістерді депортациялауға шешім қабылдады. Барлығына небәрі 24 сағат ішінде жиналуға бұйрық берілді. Үй-жайын, дүние-мүлкін тастаған біз мылтық кезеңгендердің үкімімен жүре бердік. Дәл сол кезде кім?, қайда?, не үшін апарады? деген сұрақ мазалауы да мүмкін емес еді. Себебі, артық сұрақ қойсаңыз, сізді жақсы бір таяқ күтіп тұратындығы аян. Олардың ішінде емшектегі баладан, еңкейген кәріге дейінгі жастағы адамдардың бәрі бар еді. Сыртқы көрініс малды қораға қамағандай немістерді паромға әкеп тоғытты» – деп марқұм күйеуім әке-шешесінен естігенін айтып отыратын (Далалық экспедиция материалдары. Информант Горшкова – Айдарова А.Т.).

Бірақ жергілікті қазақ халқының қоныс аударушыларға деген пиғылы жоғары еді. Бұл туралы Бородулиха ауданы, Ново-Шульба ауылдық округінің тұрғыны, депортацияға ұшыраған халықтың ұрпағы Пономарёва Лида Михайловна былай дейді: «Әжем Шмидт Екатерина Андреевна мен анам Шмидт Альвина Багановнаның айтуы бойынша, мен үш жасымда біз тіркелу үшін комендатурасына бардық. Олар Еділден 1941, 1942 жылдары келді. Біреуінің жасы 12-де болса, екіншісі 13 жаста еді, олар бірден ауыр жұмысқа жіберілді. Жағдай өте қиын болды. Орыс халықтары бізді, немістерді жек көрді, «фашистер» деп айқайлайтын. Бірақ қазақтар мен шешендер бір үзік нанды бөліп жеп, бізге деген ықылас ниеті жақсы болды». Енді бірде Қазақстанға келген немістер өз естеліктерінде жергілікті тұрғындардың тағы бір көмегін атап өтеді: «егерде жергілікті қазақтар үй-күйі жоқ немістерді отбасыларына бөліп алып, екі-үш жыл пана қылмағанда біз бүгінде өмір сүрмес едік» - деп, еске алады (Далалық экспедиция материалдары. Информант Пономарева Л.М.).

Репрессия, аштыққа қарамастан ата-бабаларымыз күштеп көшірілгендерге соңғы нанын бөліп беріп, пана бола білді. Қазақ халқының көмегі туралы өзін «Атығай руынан шыққан қазақ» деп атаған белгілі Қазақстандық әдебиетші, жазушы Г. Бельгер. Тағы бірде, О.П. Шрейдердің күнделіктерінен: «Бізді Қазақстанға жер аударды, Шұбартау ауданы, Бақанас ауылы. Олар (қазақтар туралы) өте нашар, кедей өмір сүрді. Соған қарамастан бізге үнемі болысып тұрды.

Тіпті, неміс балаларының өзі күн көріп, ас ішу үшін жіптерден арқандар тоқып, отын ретінде сексеуілдер жинап қазақ ауылдарынан ас-ауқаттарын айрып жүрді (Блинова, Чернова, 2009: 193–194). Бұл Шұбартау ауданы, Бақанас ауылына жер аударылған немістер туралы дерек болып табылады.

Қиындықтарға қарамастан неміс халқы сол аймаққа бірте-бірте бейімделіп, өздерінің еңбекқорлығымен жергілікті халықтың құрметіне ие болды. Мәселен, Көкпекті ауданы Тассай ауылының (Большевик) тұрғыны Шнайдер Иван: «Мен үшін Отан – ол Қазақстан. Көпшілікпен қатар тірлік етіп жатырмыз, Алланың берген несібесі бар, Алла ғұмыр берсін. Өзімнің ортам, достарым, құда-жегжат, бала-шағам бар. Қазақ халқына басымды иемін. Менің келбетім неміс болғанымен, жан дүнием, жүрегім қазақ деп соғады. Мұсылмандықты қабылдадым, құран оқимын, бата беремін. Қазіргі жастар көп құран біле бермейді ғой, кей жағдайда келіп, зират басына барып құран оқып беруімді өтініп жататындар да бар ...

Е ее е, балам біздің балалы шақ осылай өтті. Енді ұрпағымыз өмірдің ащысын татып, қиялетін көрмесін!» - деп әңгімесін тәмамдады (Далалық экспедиция материалдары. Информант Шнайдер И.).

Тарихи жадының өмір сүруінің негізі – отбасы немесе қоғам. А. Ассманның айтуынша, белгілі бір тарихи оқиғаларды есте сақтау отбасының немесе қоғамның 3 ұрпағының алмасу кезеңіне дейін талқыланатын болады (Ассман, 2014: 23). Әлеуметтік жадтың бір түрі – есте сақталған жадыны ешқашан ұмыта алмауы, яғни адамның есінде көрген ауыртпалықтың ұзақ уақыт бойы қорқыныш, үрей түрінде ойда қалуы ұрпақтардың жалтақ, жағымпаз болуына негіз болады. Бұл ерекшелік Қазақстан немістерінің тарихи жадында да көрінеді, олар үшін депортация тақырыбы отбасылық жадында «ұмытылмайтын» тарихи оқиға.

Күштеп қоныс аударудың қайғы-қасіреті өлшеусіз еді, оны басынан өткізгендер ешқашан ұмытпақ емес. Бұрын өмір сүрген жерлерінде олар барлық дүние мүлкін тастауға мәжбүр болды. Жүздеген мың «сенімсіз халықтарды» мал немесе тауар таситын вагондармен әкелді. Қоныстанушылар арасында эпидемиялық жұқпалы аурулар күшейіп кетті. Климаттық өзгеріс пен өте ауыр тұрмыстық жағдайлар қоныс аударушылар арасындағы өлімді көбейтіп жіберді. Бірақ депортациялық саясаттың қатал жағдайында олар аман қалып қана қоймай, Қазақ өлкесінен жаңа Отанын тапты, өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды, көп ұлтты Қазақ жерінде өзіне лайықты орнын алды.

**Қорытынды**

Қорытындылай келе, 1930 жылдары басталған неміс ұлттық азшылығына қарсы қуғын-сүргін саясаты 1940-шы жылдар мен 1950-ші жылдардың басында аяқталды. 1950 жылдардың екінші жартысында кеңес немістері үшін берілген жеңілдік тек рақымшылық болды. Бұрынғы тұрғылықты жеріне оралудың заңды құқығын алмай, олар өздерінің мәртебесі бойынша әкімшілік қуғынға ұшырағандар санатында болды. Шынайы оңалтудың ұзаққа созылған процесі «биліктің» ниеттерінің шынайылығына сенімсіздік тудырды.

«Сенімсіз халықтар» ретінде жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, елдің алыс аймағына дейін жер аударылған неміс ұлты бүгінде Қазақстанның этникалық құрамындағы негізгі ұлттың бірі болып табылады. Елімізді, қазақ жерін өз Отаным деп санайтын неміс ұлтының жергілікті халқына сіңісіп кеткендігі айқындалды.

Шығыс Қазақстанға қоныстанған «Сенімсіз халықтардың» күнделікті өмірі, олардың қоныстанған елді мекен аумағына бейімделу мәселелері, жергілікті халықпен араласып ассмилияцияға түсуі архив, ғылыми зерттеулер және ауызша деректер негізінде қарастырылды. Қазақ халқының ықпалы нәтижесінде өз ана тілін, әдет-ғұрпын, дінін, мәдениетін жоғалтқан неміс ұлты сол халық құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету үрдісі зерделенді. Салыстырмалы талдау жасау арқылы жоғарыда аталған аудандарда қуғын-сүргін көрген арнайы жер аударылған неміс ұрпақтарынан алынған ақпараттың құндылығы айғақталды.

## Sources

CDRH — Center for Documentation of the Recent History of the Abay Region
AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
SAEKR — State Archive of the East Kazakhstan region

## Дереккөздер

ҚЗТҚО — Абай облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы
ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің архиві
ШҚОМА — Шығыс-Қазақстан облысының Мемлекеттік Архиві

## References

Aldazhumanov, Aldazhumanov, 1997 — *Aldazhumanov K.S., Aldazhumanov E.K.* Deportacija narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima [Deportation of peoples is a crime of the totalitarian regime]. Almaty: Fond «XXI vek», 1997. 243 p. (In Russ.)

Assman, 2014 — *Assman A.* Dlinnaja ten' proshlogo: memorial'naja kul'tura i istoricheskaja politika [The Long shadow of the past: memorial culture and historical politics]. Transl by B. Hlebnikov. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie, 2014. 323 p. (In Russ.)

Atantayeva et al., 2022 — *Atantayeva B.Zh., Zhankadamova G.A., Akhmetova R.D., Karibayeva A.S.* The history of the deportation of Germans to Kazakhstan in the memoirs ofdescendants // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. Vol. 141. No 4. Pp. 37–49. (In Eng.)

Blinova etc., 2021 — *Blinova A.N., Smirnova T.B., Shlegel E.A.* Vliianie deportatsii na identichnost nemtsev Rossii i Kazakhstana [Influence of deportation on the identity of Germans in Russia and Kazakhstan]. Journal of Frontier Studies. 2021. Vol. 6. Pp. 91–116 (In Russ.)

Blinova, Chernova. 2009 — *Blinova A.N., Chernova I.N.* Etnografiia semi i detstva nemetskogo naseleniia Zapadnoi Sibiri v XX – nachale XXI veka [Ethnography of the family and childhood of the German population of Western Siberia in the XX – early XXI century]. Omsk: Izdatelskii dom «Nauka», 2009. 326 p. (In Russ.)

Bugai, 1989 — *Bugai N.F.* K voprosu o deportatsii narodov SSSR v 30–40-kh godakh [To the question of the deportation of the peoples of the USSR in the 30-40s]. History of the USSR. 1989. No. 6. Pp.135–144. URL: https://xn--7sbxcach3agmieaceq1th.xn--p1ai/archive/1989-6 (In Russ.)

Burgart, 1997 — *Burgart, L.A.* Nemtsy v Vostochnom Kazakhstane v 1941–1956 gg.: deportatsiia i zhizn v usloviiakh spetsposeleniia [Germans in East Kazakhstan in 1941–1956: deportation and life in a special settlement]. Ust-Kamenogorsk: Intellekt, 1997. 251 p. (In Russ.)

Dalalyk ekspeditsiia materialdary. Informant Charahmetov K. — *Dalalyk ekspeditsiia materialdary* [Field expedition materials]. Informant Charahmetov K. (In Kaz.)

Dalalyk ekspeditsiia materialdary. Informant Gorshkova–Aidarova A. — *Dalalyk ekspeditsiia materialdary* [Field expedition materials]. Informant Gorshkova–Aidarova A.T. (In Kaz.)

Dalalyk ekspeditsiia materialdary. Informant Ponomareva L.M. — *Dalalyk ekspeditsiia materialdary* [Field expedition materials]. Informant Ponomareva L.M. (In Kaz.)

Dalalyk ekspeditsiia materialdary. Informant Shnajder I. — *Dalalyk ekspeditsiia materialdary* [Field expedition materials]. Informant Shnajder I. (In Kaz.)

Deportatsiia nemtsev Povolzhia v 1941 godu — Deportatsiia nemtsev Povolzhia v 1941 godu [Deportation of Volga Germans in 1941]. URL: wolgadeutsche.net/deportation Retrieved from https://wolgadeutsche.net/deportation (In Russ.)

Deportirovannye v Kazakhstan ..., 1998 — *Deportirovannye v Kazakhstan* narody: vremia i sudby [Peoples deported to Kazakhstan: time and destinies]. Almaty: Arys-Kazahstan, 1998. 428 p. (In Russ.)

Istoriia rossiiskikh nemtsev..., 1993 — *Istoriia rossiiskikh nemtsev* v dokumentakh (1673–1992) [The history of the Russian Germans (1673–1992)]. Moscow: MIGUP, 1993. 447 p. (In Russ.)

Iz istorii nemtsev..., 2000 — *Iz istorii nemtsev* Kazakhstana (1921–1975): Sbornik dokumentov: Arkhiv Prezidenta Respubliki Kazakhstan [From the history of the Germans in Kazakhstan (1921–1975): Collection of documents: Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. Moscow: Gotika, 2000. 376 p. (In Russ.)

Kalybekova, 2019 — *Kalybekova, M.Ch.* Naukandy zaman: kazak zherine halyktardy deportatsiialau tarikhy (1937–1956) [Campaign era: history of deportation of peoples to the Kazakh land (1937–1956)]. Almaty:

Niet, 2019. 208 p. (In Kaz.)

Khasanaev, 1998 — *Khasanaev, M.* «Dlia rasseleniia vydelit raiony Kazakhstana» (Arkhivnye dokumenty o deportatsii narodov v Kazakhstan) [«For resettlement, allocate regions of Kazakhstan» (Archival documents on the deportation of peoples to Kazakhstan)] Proceedings from Deportatsiia narodov i problema prav cheloveka: Seminar materials. (Pp. 28–34). Almaty: Fond XXI vek, 1998. Pp. 28–34. (In Russ.)

Kozybaev, 1998 — *Kozybaev, M.K.* Tarikh zerdesi (Zamana asuy) [Comprehension of history (at the pass of the era)]. Almaty: Gylym, 1998. 344 p. (In Kaz.)

Mamyrbekov, 2015 — *Mamyrbekov, A.M.* Shygys Kazakhstandagy nemis zhane poljak diasporalarynyn tarikhy (XX g.) [History of the German and Polish diasporas in East Kazakhstan (XX century)]. Semei: «Pro100Print», 2015. 192 p. (In Kaz.)

Saktaganova, 2019 — *Saktaganova, Z.G.* Fragmenty vospominanii deportirovannykh zhenshchin: adaptatsiia i zhizn v Kazakhstane [Memories' fragments of deported women: adaptation and life in Kazakhstan]. // World of Great Altay. No. 5(2). Pp. 232–247. (In Russ.)

Zhakypova, Smagulova, 2020 — *Zhakypova, T.U., Smagulova, S.O.* Shygys Kazakhstan oblysyna ozge ult okilderinin konystanuy (1941–1945) [Settlement of representatives of other nationalities in East Kazakhstan region (1941–1945)]. // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University, Series «Historical and Socio-Political Sciences». 2020. No. 3(66). Pp. 365–372 (In Kaz.)

Zhanbosinova, 2020 — *Zhanbosinova, A.S.* Deportatsionnaia povsednevnost: fragmenty ustnoi istorii spetspereselentsev [Deportation everyday life: fragments of the oral history of special settlers]. Proceedings from The Great Patriotic War of 1941–1945: the feat of the people and the lessons of history: International Online Scientific Conference (pp. 248–256). Kazan: Izdatelstvo: Institut istorii imeni Shigabutdina Mardzhani Akademii nauk Respubliki Tatarstan. 2020. Pp. 248–256. (In Russ.)

**Әдебиеттер**

Atantayeva etc., 2022 — *Atantayeva B.Zh., Zhankadamova G.A., Akhmetova R.D., Karibayeva A.S.* The history of the deportation of Germans to Kazakhstan in the memoirs ofdescendants // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. Vol. 141. No. 4. Pp. 37–49.

Алдажуманов, Алдажуманов, 1997 — *Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К.* Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Алматы: Фонд «XXI век», 1997. 243 с.

Анес, 1998 — *Анес Г.* Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс-Қазахстан, 1998. 428 с.

Ассман, 2014 — *Ассман А.* Длинная тень прошлого: мемориальная культура и историческая политика. пер. с нем. Бориса Хлебникова. Москва: Новое литературное обозрение, 2014. 323 с.

Ауман, Чеботарева, 1993 — *Ауман В.А., Чеботарева В.Г.* История российских немцев в документах (1673–1992). Москва: МИГУП, 1993. 447 с.

Блинова, т.д., 2021 — *Блинова А.Н., Смирнова Т.Б., Шлегель Е.А.* Влияние депортации на идентичность немцев России и Казахстана. Журнал Фронтирных Исследований. 2021. Т. 6. № 4(24). С. 91–116.

Блинова, Чернова, 2009 — *Блинова А.Н., Чернова И.Н.* Этнография семьи и детства немецкого населения Западной Сибири в XX – начале XXI века. Омск: Издательский дом «Наука», 2009. 326 с.

Бугай, 1989 — *Бугай Н.Ф.* К вопросу о депортации народов СССР в 30–40-х годах [электронный ресурс]. История СССР, 1989. № 6. С. 135–144. URL: https://xn----7sbxcach3agmieaceq1th.xn--p1ai/archive/1989-6 (дата обращения: 05.12.2022)

Бургарт, 1997 — *Бургарт Л.А.* Немцы в Восточном Казахстане в 1941–1956 гг.: депортация и жизнь в условиях спецпоселения. Усть-Каменогорск: Интеллект, 1997. 251 с.

Бухонова, Митропольская, 2000 — *Бухонова И.Н., Митропольская Т.Б.* Из истории немцев Казахстана (1921–1975 гг.): Сборник документов: Архив Президента Республики Казахстан. 2 изд. Москва: Готика, 2000. 376 с.

Далалық экспедиция материалдары. Информант Горшкова – Айдарова А.Т. — *Далалық экспедиция материалдары. Информант Горшкова – Айдарова А.Т.*

Далалық экспедиция материалдары. Информант Пономарева Л.М. — *Далалық экспедиция материалдары. Информант Пономарева Л.М.*

Далалық экспедиция материалдары. Информант Чарахметов Қ. — *Далалық экспедиция материалдары. Информант Чарахметов Қ.*

Далалық экспедиция материалдары. Информант Шнайдер И. — *Далалық экспедиция материалдары. Информант Шнайдер И.*

Депортация немцев Поволжья— *Депортация немцев Поволжья в 1941 году* [электронный ресурс] URL: https://wolgadeutsche.net/deportation (дата обращения: 12.03.2023)

Жақыпова, Смағұлова, 2020 — *Жақыпова Т.У., Смағұлова С.О.* Шығыс Қазақстан облысына өзге ұлт өкілдерінің қоныстануы (1941–1945 жж.). Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2020. № 3(66). 365–372 б.

Жанбосинова, 2020 — *Жанбосинова А.С.* Депортационная повседневность: фрагменты устной истории спецпереселенцев // Великая Отечественная война 1941–1945 гг.: подвиг народа и уроки истории: материалы Международной научной онлайн конференции (20–21 октября 2020 года). Казань: Институт истории имени Шигабутдина Марджани Академии наук Республики Татарстан, 2020. С. 248–256.

Қалыбекова, 2019 — *Қалыбекова М.Ч.* Науқанды заман: қазақ жеріне халықтарды депортациялау тарихы (1937–1956 жж.). Алматы: Ниет, 2019. 208 б.

Қозыбаев, 1998 — *Қозыбаев М.Қ.* Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.

Мамырбеков, 2015 — *Мамырбеков А.М.* Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихы (XX ғ.). Семей: «Pro100Print», 2015. 192 б.

Сактаганова, 2019 — *Сактаганова З.Г.* Фрагменты воспоминаний депортированных женщин: адаптация и жизнь в Казахстане // Мир Большого Алтая. 2019. № 5(2). С. 232–247.

Хасанаев, 1998 — *Хасанаев М.* «Для расселения выделить районы Казахстана» (Архивные документы о депортации народов в Казахстан) // Депортация народов и проблема прав человека: Материалы семинара (12 июня 1997 года). Алматы: Фонд XXI век, 1998. С. 28–34.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Нұртазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.**
МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ……………………………………………………………...…….646
**Саидов И.М.**
ШАРУА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА……………...661

### ТАРИХ

**Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Э.Д.**
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР……………………………………………………………………………………..……….675
**Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.**
XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ……………….................................692
**Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.**
ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ……………………………………….…………704
**Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.**
ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ……….725
**Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ……………………………………………………………………..……………...744
**Жылкышыбаева К.К.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ……………….........................758
**Қаратаев Ә.Ә.**
ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?…………………………………………………………………………...…………772
**Марғұлан А.**
XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ЫДЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ……………………………………………………………………………………………..790
**Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.**
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.)……………………………………………………………………………………….802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ……………..........................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.**
1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ………………….830
**Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.**
МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ……………..........................................................843

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Біләлова Г., Хабдулина М.**
БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ………………………856
**Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ)………………………………………………………………………..……………...869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ……………...…………..885

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

**Нуртазина Н.Д., Аманжолова А.К.**
ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА……………………………………………………….....646
**Саидов И.М.**
ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ………..…661

### ИСТОРИЯ

**Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д.**
ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ……………….……675
**Адиет К.Б., Калиев Ж.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.………………..................................................692
**Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У.**
АБИЛПЕЙЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ……………………………………………………………....704
**Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М.**
ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР……………………………………………………………………………………………...725
**Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ……………...........................................................................744
**Жылкышыбаева К.К.**
ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.)……………….............................758
**Каратаев А.А.**
ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?………………………………………………………………………………………772
**Маргулан А.**
ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ……………………………………………………………………………………….…790
**Сарсембина К.К., Козыбаева М.М.**
СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.)………………………………………………………………………………………………802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОЛОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ……………...........................................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К.**
ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ………...………830
**Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А.**
КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ……………..............................................................843

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Билялова Г., Хабдулина М.**
ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК……………...…856
**Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА)………………………………………………..………………..869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ…………………………………………....885

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Nurtazina N.D., Amanzholova A.K.**
REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR`S STATE……………………………………………………………………..646
**Saidov I.M.**
POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS………...661

### HISTORY

**Assanova G., Adilbektegi G., Sain E.**
ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE…………675
**Adiyet K., Kaliev Zh.**
KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES)……………….............................692
**Gainous J., Berkinbaev O.U.**
ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS……………...................................................................704
**Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M.**
STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW…………………………………………………………………………………………...…725
**Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A.**
"THE UNRELIAABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY…………………………………………………………………………744
**Zhylkyshybayeva K.**
HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990……………...........................................758
**Karatayev A.A.**
ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?…………………………………………………………………………………...……772
**Margulan A.**
THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES………………………………………………………………………………790
**Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M.**
THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950)……………………………………………………………………………………………..802
**Tastekova G.B., Alpısbes M.A., Urakov D.Zh.**
MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS……………..........................................................................815
**Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K.**
TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.……830
**Shalmanova A., Beknazarov R.**
KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT……………...........................................................................843

### ANTHROPOLOGY

**Bilyalova G., Khabdulina M.**
THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT……..856
**Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A.**
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021)………………………..……………………………………………………………….869
**Yarygin S., Sakenov S.**
CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY……………………………………………885

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми

журналы2023. 10 (4)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй